







1. Үстелдің төменгі жағындағы тұтқаны тартыңыз. Үстел шынтақшаның ұштық бөлігіндегі тесіктермен теңестірілгеніне көз жеткізіңіз. Үстел сөнiмдi түрде бекітілгенін тексеру үшін тұтқаны жіберіңіз, артқа тартыңыз.
2. Үстелді шешу үшін үстелдің төменгі жағындағы тұтқаны тартыңыз. Содан кейін үстелді тартып, сіз оны шешіп ала аласыз.
3. Үстелдің төменгі жағындағы тұтқаны тартып, үстелді шешіп алуға болады. Сіз үстел бағыттағышының қызыл нүктелерін көрген кезде, үстелді шешуге болады.
4. Үстелді шешіп алу немесе орнату үшін тұтқаны басыңыз.
5. Бала креслода отырғанда, оның қолын қысып алмау үшін үстелді шешіп алмаңыз. Және бала бекітілмесе, креслоны үстелсіз қолданбаңыз. Ол құлап кетпеуі үшін. Кресло қолданылмаған кезде, үстелді жақтаудың артқы аяқтарына жинап тастаңыз және бекітіңіз.




1. Креслоның биіктігін 7 позицияның біріне реттеу үшін биіктікті реттеу батырмасын басыңыз.



1. Аяқ басқышты реттеу үшін осы батырманы ұстап тұрыңыз. Оның еңісінің үш позициясы бар.
2. Аяқ басқыш батырмаға басусыз ұстыге қарай жылжиды. Аяқ басқышты төмен жылжыту үшін батырманы басыңыз.




1. Белдегі белдіктің тоғасын иық белдігінің тоғасына салыңыз (шертпені естисіз). Белдіктерді ағыту үшін ортасындағы батырмаға басыңыз (белдік тоғаның екі жағынан автоматты түрде ағытылады).
2. Тоғалы белдіктерде биіктігін реттеу бойынша екі позициясы бар. Иық белдіктерін реттеп, арқадағы белдіктерді жылжытыңыз және белдіктерді одан шығарып алыңыз. Белдіктерді арқадағы тесікке салып, оларды кресло жастығына қажетті биіктікте қойыңыз. (Ескерту: Креслоны қолданған кезде, баланы міндетті түрде белдікпен бекітіңіз).



1. Креслоның арқасын реттеу үшін креслоның артындағы тұтқаны басыңыз. Содан кейін тұтқаны алдыға-артқа қарай жылжытыңыз. Сіз креслоны арқаның қалайтын еңісіне дейін реттей аласыз. Креслоның арқасын реттеу үш сатылы. (Ескерту: егер бала 6 айдан асса және оның салмағы 15 кг төмен болса, креслоны арқасының тік қалпында ғана қолданыңыз. Бұл кресло ұзақ ұйқы үшін арналмаған және шағын төсектің баламасы болып табылмайды).

IVOLIA® | ҮЛГІСІ : Q6

БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН КӨП ФУНКЦИОНАЛДЫ КРЕСЛО



**ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ
МАҢЫЗДЫ! БОЛАШАҚТА ҚОЛДАНУ ҮШІН САҚТАП ҚОЙЫҢЫЗ**

⚠ ЕСКЕРТУ


- Өндірушінің нұсқаулықтарын орындаңыз.
- Баланы қараусыз қалдырмаңыз.
- Белдіктер дұрыс үйлестірілгеніне көз жеткізіңіз.
- Креслоның бөлшектері үлестірілмесе және реттелмесе оны қолданбаңыз.
- Креслоның жанында ашық от және электрлік аспаптардан, газдан және с.с. басқа өрттерден қатты ыстықтың көздерімен байланысты қауіптерді есіңізде сақтаңыз.
- Бала айналадағылардың көмегісіз, өз бетінше отыра алғанда ғана креслоны қолданыңыз.
- Қандай да бір бөлшектері сынық болса, тозса немесе болмаған жағдайда креслоны қолданбаңыз.
- Құлаудың және баланың қауіпті заттармен байланысының нәтижесіндегі жарақаттардан аулақ болу үшін креслоны қатты заттар мен орындықтардан алыс ұстаңыз.
- Креслоны түзу көлденең беттерде қолданыңыз, сонымен қатар креслоны қандай да бір құрастырылымдарға немесе үстелге қоймаңыз.
- Жарақат алу қауіпін азайту үшін креслоны жиһаздан, қабырғадан, ыстық беттерден және сұйықтықтардан, баулар немесе жалюзиден, электрлік сымдардан алыстау қойыңыз. Сонымен қатар ол үстелде қолданылмаса, ал үстел жиналып тұрса, оны жиһаздан алыстау ұстаңыз.
- Баланың максималды салмағы 15 кг құрайды.
- Баланың креслодан құлауының немесе сырғып кетуінің нәтижесінде күрделі жарақат алудың немесе қаза болудың алдын алу үшін оны міндетті түрде белдікпен бекітіңіз.
- Бала міндетті түрде креслоға тік немесе еңіс қалыпта креслоға бекітілуі тиіс. Үстел баланы креслода ұстап тұру үшін арналған. Өз бетінше отыра алатын балалар үшін ғана креслоны тік күйінде қолдану ұсынылады.

- Кресло 6-36 айдағы балаларға жарамды.
- Пайдаланушы креслоны пайдалану бойынша нұсқаулықпен, оны күш салмай қалай оңай жазуға және жинауға болатындығымен танысуы тиіс.
- Өтінеміз, барлық бөлшектерді және реттеу әдістерін тексеріңіз және барлық шертпе механизмдер бекітілгеніне көз жеткізіңіз.
- Балаға креслоға шығуға/ойнауға немесе ілінуге рұқсат бермеңіз.
- Тұншығу қауіпінен аулақ болу үшін креслоны қолданудың алдында пластик қаптаманы шешіңіз, оны тастай салыңыз немесе балалардан алшақ алып тастаңыз.
- Жарақаттан аулақ болу үшін төсекті жазғанда немесе жинағанда балаларды алыстау ұстаңыз.

Кресло күтімінің жалпы қағидалары

- Қолданудың алдында креслоны қауіпсіздік нәрсесіне қараңыз: креслоның ішіндегі бұранда шегелер мен басқа ұсақ бөлшектердің босап кетпеуін немесе болмауын, отырғышты реттегіш істеп тұр ма. Егер ақаулар анықталса, уақытылы қызмет көрсету жүргізіңіз.
- Креслоның жастықшасын тазалау: жұқтырып алу немесе балаға залал келтіруді болдырмау үшін жастықша міндетті түрде Jіngxі маркасы болуы тиіс.
- Дөңгелектерінің күтімі: креслоның жылжымалығы үшін дөңгелектерін күнделікті тазалаңыз, сонымен қатар оларды, аспа жүйесін және басқа жылжымалы бөлшектерді маймен майлаңыз.
- Креслоның қаңқасын тазалау: креслоны пайдаланғаннан кейін біршама уақыттан соң оны жұмсақ шүберекпен сүртіңіз. Баланың денсаулығына зиян келтіріп алмау үшін ұшқыш еріткіштерді қолданбаңыз.
- Маталы жабынды тазалау: маталы жабынды шешіп алыңыз, жұмсақ жуу құралымен тазалаңыз және ауада келтіріңіз.


Бөлшектері



1. Арқасының еңістігін реттеу батырмасы
2. Белдіктерін бекітуге арналған тесіктер
3. Маталы жабынды бекітуге арналған ілмектер
4. Орындығының биіктігін реттеуге арналған батырма
5. Үстелін бекітуге арналған ілмек (қолданылмаған кезде)
6. Дөңгелектері
7. Белдікті бес сатылы реттеу
8. Үстел
9. Үстелді реттеуге және шешуге арналған тұтқа
10. Баланың сырғып кетуіне кедергі болатын тірек
11. Аяқ басқыштың еңістігін реттеу батырмасы
12. Аяқ басқыш
13. Кресло аяқтары

⚠ Ескерту! Креслоны жазған кезде немесе жинаған кезде балаларды алысырақ ұстаңыз.

Орнату және қолдану



1. Креслоны қораптан шығарыңыз (өтінеміз, қаптаманы дұрыс жойыңыз). Креслоның биіктігін реттеу батырмасын ұстап тұрыңыз және оны жазып қойыңыз.
2. Екі жақтан домалақ батырмаларды басыңыз, креслоны максималды өлшеміне жазу үшін батырмаларды жіберіңіз және креслоның бекітілгеніне көз жеткізіңіз.
3. Креслоны жинау үшін екі жағындағы домалақ батырмаларға басыңыз.

	Білік балалар креслосы	Сипаттамасы	75x55x105cm
Үлгі нөмірі	Q6	Саны	1 жинақ
	Q6	Материал ы	Болат , пропилен, полиуретан
Брутто салмағы	9,1 кг	Стандарт	EN14988: 2017
Таза салмағы	7,6 кг	тағайындалуы	6-36 ай

IVOLIA®

Ningbo IVOLIA Children Products Co., Ltd.

NO.168, Songyang Road, Shangqiao Industrial Park,Fenghua, Ningbo, Zhejiang, China

☎ 400-8857-466